



БЕКІТІЛДІ

Стратегия және
интернационалдандыру
жөніндегі проректор

Искакова А.Т.

“17” наурыз 2024

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) студенттері мен қызметкерлерінің тұрақты даму саласындағы (бұдан әрі – ТД) білімін бағалау тәртібін анықтайды.

Аталған Ереже 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚР Экологиялық кодексінің 3-бабының 13-тармағына және 4-бабына, 12-бөлім, 191-бап «Экологиялық мәдениет, білім беру және ағарту» талаптарына сәйкес әзірленді. Сонымен қатар, бұл Ереже БҰҰ-ның Жаһандық келісімінің талаптарын, Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ), Тұрақты даму бойынша есептіліктің жаһандық бастамасының (GRI стандарттары) стандарттарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (МЖМБС), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академиялық саясатын, сондай-ақ БҰҰ-ның RIO+20 жаһандық экологиялық форумында әзірленген "Тұрақты даму үшін білім беру" бағдарламасы мен декларациясын; United Nations Academic Impact қағидаттарын, UNESCO-ның "Тұрақты даму үшін білім беру" бағдарламасын және басқа да құжаттарды ескере отырып дайындалды.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты – білім алушылар мен Университет қызметкерлерінің тұрақты даму саласындағы тиісті оқыту бағдарламаларынан өткеннен немесе осы тақырыптағы іс-шараларға қатысқаннан кейінгі хабардарлық деңгейін анықтау мақсатында білімді бағалау жүргізіледі. **Міндеттері:**

- Студенттердің тұрақты даму бойынша негізгі ұғымдарды түсіну деңгейін анықтау;
- Тұрақты даму саласындағы пәнаралық құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- Сын тұрғысынан және жүйелі ойлауды ынталандыру;
- Студенттердің тұрақты даму саласындағы білімдерін кәсіби және қоғамдық практикада қолдану қабілетін бағалау.

3. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – бұл кедейлік пен мұқтаждықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күресуге, сондай-ақ планетаны қорғауға және бүкіл адамзат үшін бейбітшілік пен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған жаһандық деңгейде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін іске асырылуға тиісті 17 негізгі бағыт айқындалған, олардың

орындалуы елді өмірдің барлық негізгі салаларында тұрақты дамуға және әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге алып келуі мүмкін.

Университетте Жаратылыстану және география факультеті істейді, оның академиялық және ғылыми-зерттеу қызметі ТДМ-ды іске асырумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, ЮНЕСКО кафедрасы қызмет атқарады. Кафедраның мақсаты – сапалы білім беруге қол жеткізу, оны баршаға қолжетімді ету, білікті педагогтерді тарту және ұстап қалу, инновациялар мен озық педагогикалық тәжірибелерді қолдау арқылы тұрақты дамуға үлес қосу.

4. БАҒАЛАУ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Бағалау субъектілері – тұрақты даму тақырыбына арналған оқу курстарынан, семинарлардан, тренингтерден өткен немесе өзге де оқыту формалары мен ақпараттық іс-шараларға қатысқан Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері болып табылады.

Бағалау тұрақты даму бойынша оқу пәндері аясында да, сондай-ақ әлеуметтік-тәрбиелік іс-шаралар барысында да жүргізіледі.

5. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Сауаттылық пен білім деңгейін бағалау тестілеу және/немесе практикалық тапсырмалар негізінде жүргізіледі.

Тестілеу тұрақты дамудың негізгі аспектілеріне қатысты сұрақтарды қамтиды, мысалы: экология, әлеуметтік жауапкершілік, экономикалық тұрақтылық, гендерлік теңдік және т.б.

Практикалық тапсырмалар нақты мәселелерді шешуді немесе тұрақты даму қағидаттарын түсініп, қолдануды көрсететін жобаларды әзірлеуді көздеуі мүмкін.

Бағалау әдістері ретінде тест, емтихан түріндегі тестілеу, сондай-ақ практикалық тапсырмалар, жобалар немесе кейстік тапсырмаларды орындау қолданылады.

Практикалық тапсырмалар нақты мәселелерді шешуді, жобалар әзірлеуді немесе ТДМ-ға арналған іс-шараларға қатысуды қамтуы мүмкін.

6. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бағалау критерийлері мыналарды қамтиды:

- Тұрақты дамудың негізгі қағидаттарын білуі;
- Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылық тұжырымдамаларын түсінуі;
- Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық даму аспектілері арасындағы өзара байланыстарды түсінуі;
- Экологиялық және әлеуметтік мәселелердің себептері мен салдарын анықтай білуі;
- Тұрақты дамуға қол жеткізуге арналған стратегияларды әзірлеу және іске асыру дағдылары;
- Энергетика, ауыл шаруашылығы, қалалық жоспарлау және т.б. сияқты түрлі салаларда тұрақтылықты арттыруға бағытталған жобаларды әзірлеу және іске асыру қабілеті;
- Тұрақты дамуды ілгерілетуге бағытталған жобаларға, бағдарламалық іс-шараларға және бастамаларға қатысуы.

7. НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Алынған нәтижелер тұрақты даму саласына қатысты әрі қарайғы оқыту, мансапты жоспарлау, жобаларға қатысу немесе басқа да мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін.

Сауаттылық пен білім деңгейін сәтті бағалаудан өткен қатысушыларға тиісті куәлік немесе сертификат берілуі мүмкін.